



010000, Астана қ, Қабанбай Батыр даңғылы, 32/1  
32/1  
тел.: 8(7172) 75 44 11, факс: 8(7172) 75 40 80, 75 40 00  
e-mail: mid@mid.gov.kz  
№ исх: 01-28/Д-1441-И от: 12.05.2017

010000, г. Астана, пр. Кабанбай Батыра  
тел.: 8(7172) 75 44 11, факс: 8(7172) 75 40 80, 75 4  
e-mail: mid@mid.gov.kz

№

*2017 жылғы 13 сәуірдегі  
№ ДС-102 депутаттық сауалға*

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттары  
К.И. Мұсырманға  
Б.Б. Мамраевқа  
А.Қ. Нұркинаға  
Ж.Ә. Омарбековаға  
Б.М. Мәкенге**

### **Құрметті депутаттар!**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) Сіздердің Астана-Қарағанды, Астана-Көкшетау және Астана-Павлодар бағыттарында қосымша электропойыздарды жүргізуді ұйымдастыру және «Бурабай курорты» темір жол вокзалының жолаушылар платформасын жолаушыларға ыңғайлы етіп жасау мәселелеріне қатысты жоғарыда көрсетілген депутаттық сауалыңызды қарастырып, келесіні хабарлайды.

Жолаушылар тасымалын субсидиялау шеңберінде қала маңы тасымалын жандандыру үшін өткен жылы 24 жаңа вагон сатып алынып, 2016 жылғы 16 желтоқсанда «Тәуелсіздік күні» мерекесіне Астана-Қарағанды және Астана-Көкшетау бағытына (2 құрамнан, 6 вагон) жөнелтілген болатын.

Нәтижесінде, қазіргі уақытта Астана – Қарағанды бағытында күн сайын 3 электропойыз, Астана – Көкшетау бағытында 2 электропойыз күн сайын және

қосымша 1 электропойыз жұма, сенбі және жексенбі күндері қатынайды, Астана – Павлодар бағытында 1 электропойыз күн сайын, ал жұма, сенбі және жексенбі күндері қосымша 1 электропойыз қатынайды.

Сондай-ақ, аталған бағыттар бойынша тасымалдаушы «Қала маңы тасымалдары» АҚ-пен күн сайын жолаушылар айналымына талдау жүргізіледі. Бұл, өз кезегінде тасымалдауға деген жолаушылар сұранысын қадағалап, демалыс және мереке күндері қосымша вагондар тіркеуге мүмкіндік береді.

Бұл ретте, тасымалдаушымен 2017 жылғы 1-тоқсан бойынша жолаушылар айналымына жүргізілген талдау төмендегідей болып отыр:

- Астана – Қарағанды бағыты бойынша: жалпы – 63,4%, жай күндері – 58,0%, демалыс күндері – 77,5%, мереке күндері – 94,0%;
- Астана – Көкшетау бағыты бойынша: жалпы – 49%, жай күндері – 38,1%, демалыс күндері – 49,2%, мереке күндері – 84,6%;
- Астана – Павлодар бағыты бойынша: жалпы – 60,7%, жай күндері – 53,6%, демалыс күндері – 64,2%, мереке күндері – 81,1%.

Бұдан басқа, ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін өткізу кезеңіне Астана – Қарағанды бағытында сенбі және жексенбі күндері қатынайтын 1 электропойыз және Астана – Көкшетау бағытында бейсенбі сайын қатынайтын қосымша 1 электропойыз іске қосылатын болады *(республикалық бюджеттен 79 653 мың теңге қарастырылған)*.

«Бурабай курорты» темір жол станциясындағы жолаушылар платформасы аласа орналасқанын ескере отырып, вокзал қызметкерлерімен және жолсеріктермен пойызға отырғызу және түсіру кезінде зейнеткерлер мен мүгедектерге көмек көрсету ұйымдастырылады.

Сонымен қатар, туризмді дамыту шеңберінде республика аумағы бойынша курорттық аймақтарда орналасқан темір жол вокзалдарына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін Министрлік 8 070 млн. теңге көлемінде бюджеттік өтінім әзірледі және оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне жіберді.

Республикалық бюджет комиссиясының оң қорытындысы болған жағдайда осы вокзалдың платформасын жолаушылардың түсіп мінуіне ыңғайлы ету жұмыстары да жүргізілетін болады.

**Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму министрі**

**Ж. Қасымбек**